

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі N 451-ІІ Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1. 1999 жылғы 13 шілдедегі **Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу** кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 жылғы 9 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 5 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

28-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы алып тасталсын;

30-бап мынадай мазмұндағы 1-1 бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Мамандандырылған аудандық және соларға теңестірілген әкімшілік соттар әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) қаулыларына дауласу туралы істерді қарайды."

2. 2001 жылғы 30 қаңтардағы **Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы** кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; 2003 жылғы 23 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2003 жылғы 21 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бағалы қағаздар рыногы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

538-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мамандандырылған аудандық және соларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары;"

5 4 1 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"541-бап. Соттар";

бірінші бөліктегі "Аудандық және соларға теңестірілген" деген сөздер "Мамандандырылған аудандық және соларға теңестірілген әкімшілік" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 5 5 - б а п т а :

екінші бөліктегі "Аудандық және оған теңестірілген" деген сөздер "Мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "аудандық және оған теңестірілген" деген сөздер "мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік" деген сөздермен ауыстырылсын;

661-баптағы "Аудандық және оған теңестірілген" деген сөздер "Мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік" деген сөздермен ауыстырылсын;

664-баптың үшінші бөлігіндегі "Аудандық және оған теңестірілген" деген сөздер "мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік" деген сөздермен ауыстырылсын;

668-баптың бесінші бөлігіндегі "Аудандық және оған теңестірілген" деген сөздер "мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік" деген сөздермен ауыстырылсын;

672-баптағы "аудандық және оған теңестірілген соттың", "аудандық және оған теңестірілген соттардың", "аудандық және оған теңестірілген соттар" деген сөздер тиісінше "мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік соттың", "мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік соттардың", "мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік соттар" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мамандандырылған аудандық және соларға теңестірілген әкімшілік соттар құрылғанға дейін осы Заңмен олардың соттауына жатқызылған істерді аудандық және соларға теңестірілген соттар қарайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті